

## «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары

### I. Жалпы ережелер

1. «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары (*бұдан әрі* – Стандарттар) «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» АҚ (*бұдан әрі* – Қоғам) қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалына қол жеткізуге бағытталған мінез-құлық ережелерін, рұқсат беру, тыйым салу және шектеу жүйесін білдіреді.

2. Стандарттардың мақсаты: Қоғам қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықты және ақылақтық бағдарлар жүйесін құру арқылы сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.

3. Стандарттардың міндеттері: Қоғам қызметкерлерінің тұрақты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық қалыптастыру, корпоративтік құндылықтарды, Қоғам қызметкерлерінің жұмыс стилі мен мінез-құлық нормаларын дамыту, Қоғам қызметіндегі жариялылықты, ашықтықты арттыру арқылы сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу.

4. Стандарттарды қолдану аясы: Қоғамның және оның барлық еншілес тәуелді ұйымдарының қызметі.

### II. Лауазымдық міндеттерді орындау кезінде Қоғам қызметкерлері орындауға міндетті мінез-құлық (іс-қимылдар) стандарттары

5. Жүктелген кәсіби функцияларды адал және тиісті түрде және мемлекеттің, Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін ғана орындау, ол үшін өзінің барлық білімі мен тәжірибесін қолдану;

6. Заңмен тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда жеке белсенділік таныту;

8. Тікелей басшыны өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға көндіру немесе әуре-сарсаңға салу туралы, орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмән туралы хабардар ету;

9. Егер лауазым жақын туыстық (ата-анасы, жұбайы, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары) қатынаста тұрған адамдардың тікелей бағыныштылығына немесе бақылауына байланысты болса, оған тағайындалудан бас тарту;

10. Саяси партиялардың, қоғамдық және діни бірлестіктердің қызметіне бейтараптық және тәуелсіздік;

11. Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі

құжаттарының талаптарын сақтау.

### **III. Барлық топтардағы басшылар үшін міндетті болып табылатын басқарушылық шешімдерді қабылдау саласындағы стандарттар**

12. Бағыныштыларға басшылықты жеке-дара өкімшілік қызмет арқылы жүзеге асыру және қабылданатын шешімдердің заңдылығы үшін дербес жауапкершілік;

13. Қарамағындағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесін біркелкі үлестіру;

14. Бағыныштылардың қызмет нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

15. Өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындау, басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айқындау; бағыныштыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;

16. Өз бағыныштыларының іскерлік және моральдық қасиеттерін білу, сыбайлас жемқорлық көріністерін жасауға әкеп соғуы мүмкін бағыныштылардың іс-әрекеттерін (әрекетсіздігін) уақтылы анықтау және болдырмау; анық орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінің шеңберінен шығатын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға қайшы келетін нұсқаулар (тапсырмалар) бермеу; қызметтен тыс мәселелерді шешу кезінде бағыныштылардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің лауазымдық жағдайын пайдаланбау.

### **IV. Қоғамның ішкі құжаттарының жобаларын әзірлеу, келісу және қабылдау саласындағы стандарттар**

17. Ішкі құжаттарды (ережелерді, нұсқаулықтарды, бұйрықтарды және т. б.) әзірлеу, келісу және қабылдау кезінде Қоғам Регламентінің талаптарын мүлтіксіз сақтау, өзі және үшінші тұлғалар үшін пайда алу мақсатында құқықтық актілерді, Қоғамның жергілікті актілерін әзірлеуге және қабылдауға жол бермеу;

18. Қабылданатын ішкі құжаттарға құқықтық сараптама жүргізу кезінде оларда сыбайлас жемқорлық факторларының және қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық және өзге де құқыққа қарсы сипаттағы құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауына алғышарттар жасай алатын лауазымды адамдардың дискрециялық өкілеттіктерінің болуына ерекше назар аудару.

### **V. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алумен байланысты сатып алуды ұйымдастыру саласындағы стандарттар**

19. Белгіленген тәртіппен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының қағидаттарын сақтау.

20. Сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтардың (одақтардың) өкілдерін

тендерлік комиссияның құрамына бақылаушылар ретінде (дауыс беру және шешім қабылдау құқығынсыз) енгізу:

21. Сатып алуды дайындау және өткізу кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

22. Сатып алуды жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысын болдырмау. Тендерлік комиссия құрамының қайсыбірінде мүдделер қақтығысы болған жағдайда, осы тұлға бұл туралы тендерлік комиссияның хатшысына хабарлайды, бұл туралы ашық тендердің қорытындылары туралы хаттамаға жазба жасалады және тендерлік комиссияның құрамы өзгертіледі. Бұл ретте осы тұлға тендерлік комиссияның шешім қабылдауына қатыспайды;

23. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген жағдайларда әлеуетті жеткізушінің сатып алуға қатысуын шектеу.

## **VI. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру жөніндегі кадрлық жұмысты ұйымдастыру саласындағы стандарттар**

24. Меритократия қағидаттарын қатаң сақтау;

25. Жұмысқа қабылдау кезінде Қоғам қызметкерлеріне қойылатын негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

26. Кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтау;

27. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің дербес деректері туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға беруге жол бермеу;

28. Қызметкерлерге қатысты қызметтік тергеулерді объективті және жан-жақты жүргізу;

29. Туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша кадрларды іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеу;

30. Лауазымдық өкілеттіктерін және соған негізделген беделін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерге пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу.

## **VII. Мүдделер қақтығысы саласындағы стандарттар**

31. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген Қоғам қызметкерлеріне мүдделер қақтығысы саласындағы заңнама талаптарын қатаң сақтау, егер мүдделер қақтығысы орын алған болса, лауазымдық міндеттерді жүзеге асыруға тыйым салынады;

32. Мүдделер қақтығысы байқалатын Қоғам қызметкерлері тікелей басшысына не өздері жұмыс істейтін Қоғам басшылығына туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы, өздеріне бұл жөнінде мәлім болысымен жазбаша нысанда хабарлауға міндетті;

33. Тікелей басшы не Қоғам басшылығы өзіне бағынышты қызметкерден мүдделер қақтығысының пайда болуы туралы, оның ішінде басқа көздерден де хабар алған соң, мүдделер қақтығысын жою жөнінде уақтылы шаралар

қабылдауға, ең алдымен осы қызметкерді мүдделер қақтығысы бар жерде тапсырманы (жұмысты) орындаудан шеттетуге және оны орындауды басқа қызметкерге тапсыруға міндетті.

### **VIII. Қоғаммен, азаматтық қоғам институттарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл саласындағы стандарт**

34. Ашықтық, жариялылық және Қоғамның оң имиджін қалыптастыру мақсатында қоғаммен, азаматтық қоғам институттарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен сындарлы өзара іс-қимылды дамыту, бұл ретте корпоративтік веб-сайтты, әлеуметтік желілерді, интернет-ресурстарды пайдалану;

35. Қоғаммен, азаматтық қоғам институттарымен, БАҚ-пен өзара іс-қимыл кезінде қызметтік және коммерциялық құпияны, құпия сипаттағы мәліметтерді жария етпеу талаптарын сақтау;

36. Қоғамның әр қызметкері өзінің Қоғам қызметкері ретінде айтқан кез-келген көзқарасының немесе кең таралған ақпараттың Компанияның өзімен, оның имиджімен тікелей байланысты екенін және оның іскерлік қоғамдастықтағы беделіне әсер ететінін түсінуі және әрдайым есте ұстауы керек.

### **IX. Сыртқы ұйымдармен және тұлғалармен өзара қарым-қатынас саласындағы стандарттар**

37. Қызметкерлерге қойылатын тыйымдар - лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып, мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін сыйлықтар беру және қабылдау және қызметтік емес қызметтер көрсету; лауазымдық өкілеттіктерді атқару кезінде бағыныштылардан немесе өзінің қызметтік өкілеттіктері қолданылатын өзге де тұлғалардан, олардың сыйға тартылу себептеріне (мереке күндері, туған күндері, қызметте жоғарылау, жұмысқа тұру және т.б.) қарамастан, сондай-ақ сыйлықтың түріне, санына, құнына және басқа да сипаттамаларына (кәмпиттер, торттар, кәдесыйлар және т. б.) қарамастан, сыйлықтар қабылдамау.

38. Мыналарды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар есебінен республикаішілік, шетелдік туристік, емдеу-сауықтыру және өзге де сапарларға шақырудан бас тарту:

- Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің мемлекеттік органдары арасындағы өзара уағдаластық бойынша тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) халықаралық ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын сапарлар;

- ұйымдардың қаражаты есебінен ғылыми, спорттық, шығармашылық, кәсіптік, гуманитарлық іс-шараларға қатысу үшін мемлекеттік органның келісімімен немесе шақыруы бойынша жүзеге асырылатын сапарлар, оның ішінде осындай ұйымдардың жарғылық қызметі шеңберінде жүзеге асырылатын сапарлар.

39. Үкіметтің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген

мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу және сақтау қағидаларына сәйкес, алған күннен бастап күнтізбелік 7 күн ішінде мына сыйлықтар ерікті түрде арнайы қорға тапсырылады:

- Қоғам қызметкерінің білуінсіз түскендер;
- көпшілік алдында немесе ресми іс-шаралар кезінде берілген (тапсырылған) құжаттар.

Жеті күндік мерзімді бұзу (*шотқа өз келісімінсіз түскен ақша бойынша - екі апталық мерзім*), сондай-ақ лауазымдық міндеттерді атқарумен байланысты сыйлықтарды қабылдау қылмыстық не әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін негіз болуы мүмкін.

## **X. Стандарттарды сақтамаумен байланысты салдарлар**

40. Осы Стандарттардың ережелерін, талаптарын бұзған Қоғам қызметкері белгіленген тәртіппен атқарып отырған лауазымынан босатылуына дейінгі тәртіптік жауапкершілікке тартылады;

41. Қоғамның Бас директорының, құрылымдық бөлімшелердің басшыларының Стандарттарды бұзуының барлық жағдайлары басшылыққа - Қоғамның Бас директорына, Қоғамның Директорлар кеңесіне жеткізілуі тиіс.

42. Қоғамның әрбір қызметкері Стандарттардың сақталуына дербес жауапты болады.

**«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» АҚ  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарына  
қосымша**

**«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» АҚ сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы стандарттарының нормаларын сақтау туралы  
міндеттеме**

Мен, \_\_\_\_\_, «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен (бұдан әрі – Стандарттар) таныстым және «Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы» АҚ-ның жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау саласындағы қағидағтары мен құндылықтарын қабылдаймын. Стандарттармен өз келісімімді білдіремін, барлық талаптарды орындауға және оларды кәсіби қызметімде басшылыққа алуға міндеттенемін.

Мен ескерттім және Стандарттардың бұзылуы үшін жеке жауапкершілігімді түсінемін.

ТАӨ

Қолы

Күні

